

Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және ұзарту

Мемлекеттік орган	ҚР Ішкі істер министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) Мемлекеттік корпорациясы; 3) "электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz – еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды ұзарту кезінде
Қызметті көрсету мерзімдері	1 (бір) жұмыс күні
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	<p>Еңбекші көшіп келуші көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға рұқсатты ресімдеу үшін: еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру (ұзарту) туралы өтініш; жеке кіріс салығы бойынша алдын ала төлемді төлегені туралы түбіртек көшірмесін (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі); Мемлекеттік шекараны кесіп өткені туралы белгісі бар жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі); Қазақстан Республикасына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынған сырқатының болмауы туралы шетелдікті медициналық куәландыру туралы анықтама; жүргізілген дактилоскопиялау және суретке түсіру туралы анықтама – нысан бойынша (көшіп келушінің алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде еңбек рұқсатын алғаны туралы мәліметтер болған кезде дактилоскопиялау және суретке түсіру жүргізілмейді); медициналық сақтандырудың көшірмесін (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі); Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұру орны бойынша жүгінген кезде рұқсатты ұзарту үшін: еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру (ұзарту) туралы өтініш; жеке кіріс салығы бойынша алдын ала төлемді төлегені туралы түбіртек көшірмесін (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі); еңбекші көшіп келушіге бұрын берілген рұқсат; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мен көшіп-келуші арасында жасалған еңбек шартының көшірмесін; медициналық сақтандырудың көшірмесін</p>

(түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);

портал арқылы:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен және еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзартуға келісім берген жұмыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық сұрау салуы.

Қызмет көрсету нәтижесі

Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды беру және ұзарту не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелдемелі жауап болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020218>